ТОО «СК Максат LTD» ЖШС

Товарищество с ограниченной ответственностью | **Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

120008 г. Кызылорда, ул.Муратбаева,12 тел. 8 (7242) 23 14 52, факс: 8 (7242) 23 14 95

Исх № 35
От 10.08.2021г

Ақмола облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Шағым

"СК Максат LTD" ЖШС мекемесі "Целиноград ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік **мекемесі** ұйымдастырған **5984775-2 Ақмола облысы Целиноград ауданының елді мекендеріндегі көше-жол желісін ағымдағы жөндеу, лот № 44580732-ОК1- Коянды ауылының көше жол желісін ағымдағы жөндеу** ашық конкурсқа өтінім берген болатын, алайда мекеменің соңғы он жылдықта атқарған жұмыс тәжірибесін есепке алмай, 0 балл берген.

Конкурстық құжаттаманың 1-3 қосымшасына сәйкес Өтінім берушінің арендалық немесе жеке Материалдық ресурстары болуы қажет. 2021 жылдың 9 тамызы күнгі "Целиноград ауданының құрылыс бөлімі" Мм жариялаған № 5552471 хаттамада заң бұзушылықтар орын алып, конкурстың талабы сақталмаған. Жеңімпаз атанған мекеменің материалдық ресурстарын толық еместігі ескерілмеген және "СК Максат LTD" ЖШС-нің жұмыс тәжірбиесіне 0 балл беріліп, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 5-қосымшасының 8,9,10 ескертпелерін дұрыс талқыламай "СК Максат LTD" ЖШС-нің соңғы он жылдың көлемінде орындаған жұмыстарының тәжірибесін ескермеген. Сол себепті мекеменің әр жылдарында орындаған жұмыстардың тәжірибесі протоколда көрсетілген 0 балл санынан әлде қайда жоғары екендігін және шартты жеңілдіктерді дұрыс есепке алмады деп есептейміз. Оған дәлел Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 5-қосымшасы мен ҚР Қаржы Министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсан №648 Бұйрығының 155 пунктерінде балл есептеу ережесі, жұмыс тәжірибесінің жеткілікті дәрежеде бар екенің бекітетін орындалған жұмыстарды қабылдау актісі, обьектіні эксплуатацияға қабылдау құжаты және әр орындалған жұмыстың мемлекеттік сараптама қорытындысында көрсетілген санат жауапкершілігі мен функцияналдық мақсаты нақты бекітіліп айқындалған. **Оған нақты дәлел төменде көрсетілген "СК Максат LTD" ЖШС-нің соңғы он жылдың көлемінде орындаған жұмыстарының тәжірибесі.**

СК Максат LTD" ЖШС-нің өзге де құрылыс, күрделі жөндеу жұмыстарынан бөлек қиыршық тас, жаңа құрылыс бойынша орындаған жұмыстарының тәжірибесі :

1) **Развитие и обустройство ИЖС в пос.Жосалы. ГУ«Кармакшинский районный отдел строительства». Желтоқсан,2011г.**
2) **Работы по сооружению технологической дороги на участке "Центральный" месторождения "Мынкудук". ТОО "Добывающее предприятие "ОРТАЛЫК",03.07.2019г.**
3) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул.Бекшора;**
4) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул. Жаппасбай батыр;**
5) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул Жанкожа Батыр;**
6) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул. Исаев,**

7) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул Уалиев,**
8) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул Яссауи,**
9) **Устройство тротуаров по улицам г. Кызылорда по ул. Сагымбаева**
10) **Строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры ИЖС г. Кызылорда. Гравийные дороги в районе Кызылжарма».**
11) **Удлинение приемо отправочных путей по разъезду 14 (строительство ж/д пути)**
12) **және өзге де құрылыстар мен қайта жаңартулар (өтінім берілген кезде тіркелген).**

Сіздерден "СК Максат LTD" ЖШС-нің соңғы он жылдың көлемінде орындаған жұмыс тәжірибесінің бар екенін, санат жауапкершілігі мен техникалық немесе технологиялық күрделі және күрделі емес жұмыстарды атқарғандығы жөніндегі ақпараттар мен функционалдық мақсатына көңіл бөліп, конкурстық құжаттама талабы сақталмағандығын ескеріп , балл саның есепке алып, жеңімпаз ретінде анықтап берулеріңізді сұраймыз.

Директор **Альжанов М.Б**

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «СК Максат LTD» Товарищество с ограниченной ответственностью